

TURKISTAN

Тарихи-рухани ескерткіштер – ұлттық брендіміз

Тарихи-рухани ескерткіштер – бізді шетке, өзгеге танытатын ұлттық брендіміз! Ендеше, оларды қамқорлыққа алып, ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра тізіміне ұсыну ісін жүйелеп, жеделдету қажет.



Елімізде ұлтына ұран, халқына қорған болған тұғырлы тұлғалардың ізі аз емес. Мәселен, Қазақ хандығының алғашқы астанасы, ежелден қарт Қаратай мен Сырды қауыштырып, алуан мәдениеттерді тоғыстырган, руханияттың нәрлі ошағына айналған киелі өнір, шежіре дәстүрде аты Қазақпен қатар аталатын қазыналы Созақ – Қожа Ахмет Ясаудің арғы бабасы Үлкән бабтың, Қарахан мемлекетін билеген Тамғаш Хасан Бөгра (Қарабура) ханның мәнгілік мекені.

Академик Бартольд: «Хасан Тамғаш Бөгра хан Қарахан дәуірінде медресе, кітапхана, аурухана салдырып, ғылым, өнер, мәдениет саласын биік белеске көтерген ірі қайраткер» деп бағалайды. Қарахан елінде ғалымдар мен әулиелерге жағдай жасап, өзі де рухани жолды ұстағандықтан, жұрт оны ұлы әулие санаған. Эйгілі Жұсіп Баласағұнның «Құтты Біліг» туындысы осы Бөгра ханға арналып жазылды. Өкініштісі, Жұсіп Баласағұнның кім екені және қайда жатқаны әлемге аян, ал Бөгра хан бүгінде ұмыт болған. Сондай-ақ мұнда Алтын Орда хандарына рухани ұстаз болған Баба Тұкті Шашты Әзіздің (Баба Туклас), Керей-Жәнібек, Хақназар сынды алғашқы қазақ хандарының қорымы жатыр деп болжанады. Ол туралы: «Қаратаудың солтустік бектерінде Созақ кентімен аттас қала жүрті бар, ол қазақ жерлерін біріктірудің бастапқы кезеңінде Қазақ хандығының тірек қаласы болған. Бұл қала хандық тұсында ірі сауда-қолөнер орталығы ретінде манызды рөл атқарған, деп жазған академик Әлкей Марғұлан 1946 жылы қазба барлау жұмыстарын жүргізіп, көне шаһардың бес мәдени

қабатын анықтаған болатын. Созақтағы XIX ғасырда негізі қаланған Шахи-Ахмет Ишан мешіті – ғажап ғимараттың бірі. Мешітті салған шеберлер Орталық Азия мен Еділ бойындағы сәулет өнерінің үйлесімін ұтымды бере білген. Алайда осы кешендердің көбі жойылған, енді бірі бастапқы келбетінен қатты ауытқыған, кейінгі демеушілер тарихи орындарды қалауынша өзгертекен. Төніректеріне бай-бағландардың бейіттері орналасқан.

Сол сияқты сансыз бабтар мекені Сайрамда қастерлі орындар қараусыз жатыр. VIII-IX ғасырдан қалған көне қорымның бір шетін базар басып барады. Мұнда 1917 жылға дейін 50-ден аса мешіт болған екен. Бұл беріге дейін сақталғандардың саны, ал жазба деректерде Сайрамда жүздеген мешіт болғаны айтылады. Солардың ішіндегі ең көнелері Үйдірыс хазірет, Қызыр хазірет және әл-Ғайб мешіттері. Сонымен қатар Қ.Ясаудің ата-анаы Ибраһим ата мен Қарашаш ана, Абдул-Әзиз баб, Қызыр пайғамбар қабірлері Сайрамда сақталған. Бағзы Исфиджабтан жеткен осы тарихи-рухани нысандарды сақтау қажет. Сондықтан көне Сайрам мен Созақтағы рухани ескерткіштерді сақтау ісін Түркістандағы «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайына тапсыруды ұсынамыз.

Әулие-ата мен Жетісу, Сыр бойы мен Арқа және өзге де өнірлерде жағдай осыған ұқсас. Мәселен, Қазақстандағы 25 мың ескерткіштің жартысына жуығы орналасқан Манғыстау өнірінде мұралардың көбі тарихи-мәдени ескерткіштер тізіміне енгізілгенімен, оларды қарауға маман жетіспейді. Мәдени қабаттарды «қара археологтар» мен бұзакылар түрлі вандализм арқылы бұлдіріп жатыр.

Жеті жұрт көшкен маңғаз мекендегі қорымдардың қоршаш аумағына заңсыз құрылыштар, бейіттер салынып кеткен. Оларға қарсы қолданыстағы «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану» заңы қауқарсыз. Айыппұлы небәрі 30 мың теңге ғана! Ұлытауда Жошы кесенесінің жанына әлдебір қалталы жақынын жерлеп кеткен, енді нысанды ЮНЕСКО тізіміне енгізу мүмкін болмай тұр.

Киелі жерлер шырақшылардың күнкөріс көзіне, бақсы-балгерлердің ордасына айналған. Олардың кейбірі тарихи орынды сақтап отырғанымен, арнайы білім, ереже-қағидаттары мен стандартты жоқ. Тіпті, ұлтқа ұран болған Бекет ата – жекеңің меншігінде! Пір Бекет – бір әuletтің ғана айбары емес, ол – бар қазақтың байрағы! Халықтың рухани қалпы мен салтын қалыптастырыған мұндай тұлғалар мекені мемлекет қарауында болуға тиіс!

Елімізде рухани ескерткіштерді қорғауға айрықша көңіл бөлу қажет. Өйткені біріншіден, олар біздің мәңгілік мұрамыз, баға жетпес байлығымыз!

Екіншіден, рухани ескерткіштер – біздің таным-тарихымыз. Оны аңыз арқылы емес, кешенді зерттеу арқылы білуге тиіспіз. Сонымен қатар оларды сақтау үшін реставратор, консерватор сияқты мамандарды даярлау керек. Маман тапшы болғандықтан, Қ.Ясауи кесенесі бүліне жаздағаны белгілі.

Үшіншіден, рухани орындар – ұлттың иммунитетін қалыптастырады.

Сондықтан олар – тағылым мектебі болуы керек. Расында, дәстүрлі түсініктен алшақтап, өзгенің қаңсығын таңсық көріп адасып жүргендердің ақиқаты халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан салты мен қалпында. Ғасырлар бойы қалыптасқан рухани қалқанымыз – діңгекті дәстүр мен рухани бұлак көздері зерделене бастаса, деструктивті теріс ағымдардың жолын жабуға септеседі. Бұл ретте, әлбетте, сананы сауықтыратын, адасқандарды айықтыратын рухани шаралар кешенін жүйелі жүргізу үшін мәйекті мәдениетіміз, телегей теніз мол

мұрамыз, ұлттымыздың айбынын асырған ұлағатты тұлғаларымыздың шарапатты жолы, солардың көзіндегі киелі өлкемізде сымбат түзген ежелгі ескерткіштеріміз бен Қыдыр дарыған қасиетті орындардың орны бөлек.

Тәртіншіден, тарихи-рухани ескерткіштер – бізді шетке, өзгеге танытатын ұлттық брендіміз! Ендеше, оларды қамқорлыққа алып, ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра тізіміне ұсыну ісін жүйелеп, жеделдету қажет.

Бесіншіден, киелі жерлер – рухани туризмнің ошағы. Мәселен, тарихи-рухани орындарына былтыр 7 млн-ға жуық турист тартқан Өзбекстан осы саладан 2 млрд доллар табыс тапқан. Мемлекет басшысы 2019 жылы Ұлытауда «Біз ұлы тарихи тұлғалардың ізбасар ұрпағы екенімізді ұмытпауымыз қажет. Атабабаларымыздың рухын туризмнің озық ұлгілері арқылы дәріптеуіміз керек» деп елімізді рухани-этнографиялық туризмнің орталығына айналдыруды тапсырғаны белгілі. Сондықтан киелі мекендерді мемлекет қарауына алу, зандықтайдыту, инфрақұрылымды дамыту, жол салу, қонақүйлер, визит орталықтарын ашу, экологияны реттеу, ақпараттық насиҳат жұмыстарын арттыру, интернетпен қамтамасыз ету сияқты іргелі жобаларды жүйелі жүзеге асырған жөн деп ойлаймыз.

**Дархан Қыдырәлі,
Сенат депутаты**